

### Хаттама №3

«Тасарық» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2024 жылдың 27 қарашасы күні жоспарға сәйкес кезекті директор жанындағы кеңес өтті.

Қатысуға тиісті – 37

Қатысқаны –30

Дәлелді себептермен қатыспағаны -7

### Күн тәртібінде:

1. Қазақ, орыс және ағылшын тілдері пәндерінің берілуі туралы. /Б.Аханова/
2. 2024-2025 оқу жылындағы 4, 9 және 11-сынып оқушыларының білім деңгейі, олармен жүргізілетін жан-жақты жұмыстар туралы. /Б.Аханова/
3. ЖИТС және нашакорлықтың алдын –алу бағыты бойынша атқарылған жұмыстар. /С.Кәрібай/
4. «Отбасы-тәрбие басы, мектеп-тәрбие жаршысы» ата-аналарды қолдау орталығымен жұмыс барысы туралы. /С.Кәрібай/
5. «Оқуға құштар мектеп» жобасы» аясындағы іс-шаралардың жүргізілуі мен барысы, нәтижелері туралы. /Ш.Сәдуақас/
6. Халықаралық зерттеулерге дайындық барысы туралы. /Б.Аханова/
7. Мектепшілік пәндік олимпиадаларға дайындық, барысы, қорытындысы туралы. /Б.Аханова/
8. «Мақсатты мектеп» жобасы, мектепшілік бақылау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы. /Б.Аханова/

### Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Аханова 2024-2025 оқу жылындағы мектебімізде қазақ, орыс және ағылшын тілдері пәндерінің берілуі туралы айтып өтті. Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес гуманитарлық бағыттағы қазақ тілі, орыс тілі, шет тілі пәндерінің берілуі бойынша сабақтарға қатысып талдау жұмыстары жүргізілді. Сабақ кесте бойынша сыныптарға уақытымен сабақтар өткізілді. Сабақ барысында тақырыпқа байланысты көрнекі құралдар мен деңгейлік тапсырмалар қолданы. Оқушыларға топтық, жұптық, жекелеген жұмыстар беріп тақырыпты меңгерте білді. Орыс тілі сабағында бастауыш сыныптарда тақырып бойынша мүд тайм мен кароки арқылы оқушылардың тілдерін қалыптастыратын тапсырмалар орындатты. Оқушылар белсенділікпен араласты. Дегенмен күнделікті сабақ барысында АКТ тиімді қолдану керектігі ескертілді. Сонымен бірге қазақ тілі сабақтарында пизаға қатысты тапсырмаларды күнделікті орындатып тұру керек екендігі ескертілді. Жаңа форматта пәннің ерекшеліктеріне сай платформаларды қолдану керек екендігі ұсынылды.

**Ұсыныс:** 2024-2025 оқу жылындағы қазақ, орыс және ағылшын тілдері пәндерінің берілуі «қанағаттанарлық» деп бағаланып, аталған пәндердің мемлекеттік стандартқа сай ұйымдастырылуын жүргізу мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға бекітілсе.

Күн тәртібіндегі 2024-2025 оқу жылындағы 4, 9 және 11-сынып оқушыларының білім деңгейі, олармен жүргізілетін жан-жақты жұмыстар туралы екінші мәселені де мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Аханова баяндады.

I, II тоқсан бойынша 4,9 және 11 сынып оқушылары бойынша кестеге сәйкес дайындық жұмыстар жүргізілді. Дайындық барысында пәндерден апта соңында тест тапсырмалар алынып, сараптама жасалып отыр. Апталық қорытынды бойынша жаратылыстану пәндері бойынша пайыздық көрсеткіштері төмен екендігі ескертілді. Алдағы дайындық барысында төмен көрсеткіш көрсеткен пәндерден бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу керек екендігі ескертілді.

**Ұсыныс:** 2024-2025 оқу жылындағы 4, 9 және 11-сынып оқушыларының білім деңгейі, олармен жүргізілетін жан-жақты жұмыстар «қанағаттанарлық» деп бағаланып, сондай-ақ аталған сыныптардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарын

ұйымдастыру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға міндеттелсе.

«ЖИТС және нашақорлықтың алдын-алу бағыты» бойынша атқарылған жұмыстар туралы күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібай айтып өтті. 2024-2025 оқу жылына жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, насихаттау және қалыптастыру (нашақорлық, есірткі бизнесі, маскүнемдік, туберкулез ВИЧ, АИВ/ЖИТС-тің алдын алу мақсатында іс-шара жоспары жасалып бекітілді.

Қазан айында №238 орта мектебінің оқушылары және ата-аналары арасында аудандық білім бөлімі және аудандық орталық аурухана меңгерушісінің басшысымен бірлескен жоспарына сәйкес құқықтық түсіндіру жұмысын ұйымдастыру мақсатында синтетикалық есірткінің таралуы және дәріханалық нашақорлық проблемалары туралы әлеуметтік желі арқылы бейне дәрістерді тыңдалып талқыланды. Оқушыларға сонымен қатар ата-аналарға синтетикалық есірткі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ата-аналар нашақорлықтың алдын алды алу туралы өз ойларын ортаға салды. "Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция" аясында оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 5-11 сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен "Есірткі-ғасыр дерті" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. №238 орта мектебінде "Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция" аясында оқушылар арасында "Нашақорлық-ауыр індет" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. «Есірткі – ғасыр дерті» тақырыбында ақпарат сағатында оқушыларға нашақорлық жөнінде ақпараттар беріп, жадынамалар таратылды. «Нашақорлық-ғасыр дерті» тақырыбында бейнеролик, челлендж 7-8-сынып арасында челлендж өткізілді. Оқушылар нашақорлық туралы ақпараттармен танысып, таныстырылды. «Есірткіге жол жоқ! Біз спортты таңдаймыз» көңілді старт ойыны, 7-8-9 сынып оқушыларымен волейболдан сайыс өткізілді. «Адамзатқа есірткінің кесірі» "Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция" аясында «Адамзатқа есірткінің кесірі» тақырыбында жас акындар мұшайрасы өткізіліп, аудандық, облыстық байқауларында Құттыбай Мансұр жүлделі орындармен марапатталды.

23 қыркүйек күні балалар және жасөспірімдер арасында алдын алу тексеріс жұмыстарын өткізу (келісім бойынша), психобелсенді зат тұтынудың алдын алу мақсатында анықталған жағдайлар болса мекемелерге мәлімет беретіндігіміз туралы айтып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мектеп медбикесі, психологпен жыл бойы жүргізілетін жоспар бойынша арнайы мамандардың қатысуымен (медицина, спорт) (нашақорлық, есірткі бизнесі, маскүнемдік, туберкулез ВИЧ, АИВ/ЖИТС-тің алдын алу) жөнінде мәселелер бойынша ата-аналар және оқушылар арасында, жиналыстар өткізілді.

22-қараша күні психологиялық сауалнаманы 8-9-10-11 сынып оқушылары арасында алынып, қорытындысы жасалды.

**Ұсыныс:** 2024-2025 оқу жылындағы «ЖИТС және нашақорлықтың алдын-алу бағыты» бойынша атқарылған жұмыстар «қанағаттанарлық» деп бағаланып, алдағы уақыттарда да сапалы ұйымдастыру мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібайға жүктелсе.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша «Отбасы-тәрбие басы, мектеп-тәрбие жаршысы» ата-аналарды қолдау орталығымен жұмыс барысы туралы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібай айтып. Қараша айында «Отбасы-тәрбие басы, мектеп – тәрбие жаршысы» тақырыбында сынып оқушыларымен отырыстар өткізіліп, «Отбасы құндылықтары» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Отбасындағы ата-ана және бала ролі тақырыбында оқушыларға отбасындағы сыйластық, құндылық туралы айтылды.

Мектеп пен ата-ана арасында қарым-қатынасты нығайту. Барлық жалпыадамзаттық құндылықтарды бала бойына сіңіретін ата-ана тәрбиесі, ал оны дамытуға ықпал ететін мектеп екенін ата-аналарға түсіндіру. Ата-аналарға кеңес бере отырып, бала тәрбиесі бәрімізге ортақ екенін ұғындыру болып табылады. Мектеп пен ата-ананың тығыз байланысын қалыптастыру мақсатында түрлі іс-шаралар өткізілді. Онкүндікте тренинг,

дебат, оқуға құштар отбасы, ашық тәрбие сағаттары, отбасылық спорттық сайыстар, ұлдар ұйымы, мен қыздар ұйымының жұмысы және әкелер жұмысы, театрланған қойылымдар жан-жақты қамтылып, ата-аналар мен оқушылар жана қырынан танылды.

**Ұсыныс:** Мектептегі ата-аналарды қолдау орталығының жұмысын жандандыру, ата-аналармен байланысты нығайту жұмыстарын күшейту мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібайға бекітілсе.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша мектеп кітапханашысы Ш.Сәдуақас «Оқуға құштар мектеп» жобасы» аясындағы іс-шаралардың жүргізілуі мен барысы, нәтижелері туралы айтып өтті.

Кітап-біздің рухани жан азығымыз. Жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтың салт-дәстүрін аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу кітаптың еншісінде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес, БҒМ «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында көркем әдебиеттер тізімі төрт бағыт бойынша жүзеге асып, Яғни олардың қатарына еліміздің үздік классиктерінің кітаптары, ана тіліне аударылған шетелдік әлем әдебиеттерінің жауһарлары, сонымен бірге қазіргі заманғы акын-жазушылардың кітаптары енетін болады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Мектепте «20 минуттық кітап оқу», «Бірге кітап оқимыз!» акциялары өткізілді. Мектеп кітапханасы оқушылардың шығармашылық жұмыстары мен шұғылдандуына көп ықпалын тигізеді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша бастауыш сынып оқушылары арасында «Ертегілер еліне саяхат» атты ертегілер оқу акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты: ертегілер туралы түсініктерін қалыптастырып, ертегілерге қызығушылығын арттыру. Балалардың сөздік қорларын дамыту. Сөзді анық айтуға, есте сақтау қабілетін дамыту.

**Ұсыныс:** «Оқуға құштар мектеп» жобасы» аясындағы іс-шаралардың жүргізілуі «қанағаттанарлық» деп бағаланып, осы жоба аясындағы жұмыстарды жандандыру мектеп кітапханашысы Ш.Сәдуақасқа міндеттелсе.

Күн тәртібіндегі келесі мәселелер Халықаралық зерттеулерге дайындық, мектепшілік пәндік олимпиадаларға дайындық, барысы, қорытындысы және «Мақсатты мектеп» жобасы, мектепшілік бақылау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Аханова баяндады.

15-16 жас аралығындағы оқушылар арасында халықаралық зерттеу тапсырмалары бойынша кестеге сәйкес дайындық жұмыстары жүргізіліп отыр. Дайындық барысында оқушылардан сынақ тапсырмалар алынып, нәтижесі бойынша төмен көрсеткіш жинаған пәндер бойынша жеке оқушылармен дайындық жұмыстар жүргізу керек екендігі пән мұғалімдеріне міндеттелді. Атап айтар болсақ физика, математика, химия, биология пәндері бойынша жүйелі жұмыстар жасалу керек.

Оқу жылы басында олимпиадаға қатысатын оқушылардың тізімі жасақталып, кестеге сәйкес пәндер бойынша дайындық жұмыстары жүргізілді. Қазан айында мектепшілік олимпиада өткізіліп нәтижесі бойынша 9-11 сынып аралығында 9 оқушы, 5-6 сынып аралығында 7 оқушы ұсынылды. Аудандық қорытынды бойынша 5 сынып оқушысы Жиеней Манарбек тарих пәнінен II орын, 9 сынып оқушысы Жаксыбек Шолпан информатика пәнінен III орын, 10 сынып оқушысы Өмірбек Айым казак тілі пәнінен III орын иеленді. Республикалық «Алтын сақа» олимпиадасында 5 сынып оқушысы Набатбай Бекарыс математика пәнінен 3 орын иеленді. Олимпиада бойынша көрсеткіш әліде төменгі деңгейде, жеке пәндер бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу керек екендігі ескертілді.

Мақсатты мектеп жобасы аясында Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру тақырыбында онлайн форматта аудандық вебинар өткізілді. Вебинар барысында мектеп директоры мақсат-міндетін таныстырып өтті. Пәндер бойынша мұғалімдер іс-тәжірибесімен бөлісіп жұмыстарын көрсетті. Математика

пәнінен – Б.Кәрібаева, М.Сердалиева, қазақ тілі пәнінен - А.Жарболова, орыс тілі пәнінен Ж.Асанова, тарих пәнінен Р.Байзақ, информатика пәнінен Г.Қосбанбетова, шет тілі пәнінен А.Құрманшаева өздерінің іс-тәжірибесін көрсетіп әріптестерімен бөлісті. Вебинар соңында аудандық білім бөлімінің әдіскері Г. Шамшатова ұсыныс пікірін айтып, ұжымға алғысын білдірді. Мақсатты мектептер аясында өткізіліп жатқан вебинарларға пән мұғалімдері уақытымен қатысып, әріптестерінің сабақ барысында қолданған тиімді әдіс-тәсілдерін алып сабақ барысында қолданып өзара тәжірибе алмасуда.

**Ұсыныс:** 2024-2024 оқу жылындағы Халықаралық зерттеулерге, пәндік олимпиадаларға дайындықты үздіксіз жүргізу, «Мақсатты мектеп» жобасы, мектепшілік бақылау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды талапқа сай үйлестіру, жүргізу мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға бекітілсе.

### **Шығып сөйлеушілер:**

**1. Информатика пәнінің мұғалімі-Г.Қосбанбетова:** Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер бойынша тоқталар болсам, қазақ, орыс, ағылшын тілі пәндерінің жүргізілуі өз дәрежесінде деп ойлаймын. «Оқылым.Тыңдалым.Айтылым.Жазылым» дағдыларын қалыптастыру, яғни стандартты меңгерту әрбір пән мұғалімінің міндеті. Қосымша сабақтар өтіп, жіберілген кемшіліктерді жою, жетілдіру үшін Жанайым, Айбарша, Арайлым тәрізді мұғалімдердің тынымсыз ізденетінін байқаймын. Өзара тәжірибе алмасу мақсатында да сабаққа еніп отырамын. Мектеп тренері ретінде АКТ, жаңа әдіс-тәсілдер туралы ой бөлісіп отырамыз. «Оқуға құштар мектеп» жобасы барысында да мектеп кітапханашысы оқушылардың, ата-аналардың кітап оқуын, пікір алмасып, ой бөлісіп отыруын жиі ұйымдастырса қазіргі заманның ең өзекті мәселесі деп ойлаймын.

**2.Бастауыш сынып мұғалімі-Ж.Биманова:** Ата-аналарымызбен тұрақты байланыстамыз. Халықаралық зерттеулерге дайындық жұмыстары әрбір сабағымызда көрініс табады. «Мақсатты мектеп» жобасына енуіміз де әрбірімізге үлкен ой салды. Алдағы уақытта талапқа сай біліктілік арттыру курстарынан өтіп, әлде де даму үстінде болуымыздың қажеттігін ұқтырды. Мектеп өмірі қайнап жатқан үздіксіз процесс қой. Әрбір бағыты да маңызды. Сабақтарымыздың арасында өз үлесімді қосуға атсалысамын. Әлеуметтік желі арқылы мектеп парақшасында әрбір жылт еткен жақсы істерді, іс-тәжірибелерін қуана жариялауға тырысамын.

**3. Орыс пәнінің мұғалімі-Ж.Асанова:** Биылғы аудандағы алты мектептің мақсатты мектептер қатарынан көрінуі, оның ішінде біздің мектептің болуы әрине барлығымызға да оңай болмады. Біліктілік арттыру курстарына, байқау тесттеріне де уақытылы қатысып, жетілу үстіндеміз. Олқылықтың орнын толтыру мақсатында сабағымызда байланыстырып өтіп жатырмыз. Берілген тапсырмалар мен түсіндірген сабақтарымызды оқушылар жақсы қабылдауда. Біз түсініксіз болған тақырыптарды оқушыларға қалайда ұғындырып жіберуге тырысамыз. Бүгінгі кіші кеңесте қаралған барлық мәселелер де ең өзекті мәселелер. Талқыланып, талданып жатыр. Өте орынды деп есептеймін. Алдағы уақытта да ауызбіршілікпен қиындықтарды еңсереміз деген пікірдемін.

### **Директор жанындағы кеңес қаулы етеді:**

1. 2024-2025 оқу жылындағы қазақ, орыс және ағылшын тілдері пәндерінің берілуі «қанағаттанарлық» деп бағаланып, аталған пәндердің мемлекеттік стандартқа сай ұйымдастырылуын жүргізу мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға бекітілсін.
2. 2024-2025 оқу жылындағы 4, 9 және 11-сынып оқушыларының білім деңгейі, олармен жүргізілетін жан-жақты жұмыстар «қанағаттанарлық» деп бағаланып, сондай-ақ аталған сыныптардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарын ұйымдастыру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға міндеттелсін.

сыныптардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарын ұйымдастыру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға міндеттелсін.

3. 2024-2025 оқу жылындағы «ЖИТС және нашакорлықтың алдын-алу бағыты» бойынша атқарылған жұмыстар «қанағаттанарлық» деп бағаланып, алдағы уақыттарда да сапалы ұйымдастыру мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібайға жүктелсін.
4. Мектептегі ата-аналарды колдау орталығының жұмысын жандандыру, ата-аналармен байланысты нығайту жұмыстарын күшейту мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібайға бекітілсін.
5. «Оқуға құштар мектеп» жобасы» аясындағы іс-шаралардың жүргізілуі «қанағаттанарлық» деп бағаланып, осы жоба аясындағы жұмыстарды жандандыру мектеп кітапханашысы Ш.Сәдуақасқа міндеттелсін.
6. 2024-2024 оқу жылындағы Халықаралық зерттеулерге, пәндік олимпиадаларға дайындықты үздіксіз жүргізу, «Максатты мектеп» жобасы, мектепшілік бақылау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды талапқа сай үйлестіру, жүргізу мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға бекітілсін.

Директор жанындағы кеңестің төрайымы:

Хатшы:



Ә. Кеулімжай

А. Жарболова